

Алимова Шолпан Жанболатовнаның
6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған
«Психологиялық-педагогикалық дайындау үрдесінде студенттердің зерттеу
құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының
АҢДАТПАСЫ

Зерттеу өзектілігі. Қазіргі кезде білім беру жүйесін жаңғырту білім беру үрдесінің сапасын арттыруға бағытталған және осыған байланысты педагог кадрларды оқыту нәтижелері мен даярлау деңгейіне қойылатын талаптар өзгеруде.

Педагог мәртебесі туралы түсінік те өзгерді. Қазақстан Республикасының «Педагог» кәсіби стандартындағы (2017), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы (2018), «Педагог мәртебесі туралы» заңдағы (2019) нормативтік құжаттарда «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына қойылатын талаптар айқындалған, олар педагогикалық білім беру мазмұнын жаңғырту және педагог-зерттеушіні даярлау бағдарламасын әзірлеу үшін нормативтік болып табылады. «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатының жалпы талаптарына сабақты зерттеу дағдыларын меңгеру, бағалау құралдарын әзірлеу, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету, педагогикалық қоғамдастықта даму стратегиясын айқындау сияқты кәсіби құзыреттер жатады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ғылыми-зерттеу қызметін жаңғырту негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Мемлекеттік бағдарламада студенттерге мамандықтар бойынша зерттеулер мен әзірлемелерге қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажеттілігі көрсетіледі, бұл педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектерін кәсіптік даярлауда зерттеу компонентінің маңыздылығын көрсетеді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында білімге, іскерлікке және біліктілік деңгейіне қойылатын талаптар айқындалған. Стандартта студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы мәселелерді шешу қабілеті, бакалаврдың ғылым мен білімнің өзекті мәселелері бойынша ақпаратты жинау, талдау, жүйелеу және пайдалану, заманауи технологияларды әзірлеу, эксперименттік жұмыстарды жүргізу және оқу-тәрбие процесінің тиімділігін сыни бағалау қабілеті көрсетілген.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістердің аталған факторлары қазіргі уақытта болашақ педагогтың функцияларын өзгерту оқытудың теориясы мен практикасындағы зерттеу қызметімен байланысты екенін көрсетеді.

Студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі ЖОО-да кәсіби дайындық мәселелері сияқты аспектілерде зерттеледі (Е.И. Бурдина, К.К. Жампеисова, Ш.Ж. Колумбаева, Н.В. Мирза, Н.Н. Тулкибаева, Н.Д. Хмель, G.D. Kuh, K.S. Taber және т. б.); жоғары мектепте ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру (Р.Ж. Аубакирова, В.И. Богословский, А.А.

Вербицкий, К.М. Кертбаева, А.К. Мынбаева, Л.А. Никитина, Ю.В. Рындина, А.Д. Сыздықбаева, Н.Ю. Фоминых, V. Lamanuskas, P.I. Priyono, J. Reeve, H. Walkington және т.б.); зерттеу қызметінің психологиялық негіздері (Т.Г. Бохан, Н.Б. Жиенбаева, А.С. Обухов, А.Н. Поддьяков, А.И. Савенков, D.V. Miele, K.R. Wentzel және тағы басқа).

Білім беру мен оқытудағы құзыреттілік тәсіл мәселелерінің ғылыми әзірлену дәрежесін, жоғары мектепте оқыту үрдесінің дидактикалық негіздерін зерттеу бағыттарын талдау, білім алушылардың ғылыми жұмысын ұйымдастыру бірқатар объективті **қарама-қайшылықтарды** анықтауға мүмкіндік береді:

– кәсіби педагогикалық білім беру жүйесін тұлғаның дамуына бағыттау және құзыретті мамандарды психологиялық-педагогикалық даярлаудың практикалық мақсаттарына қол жеткізу арасында;

– білім бакалаврын даярлаудың қазіргі деңгейі мен қоғамның зерттеу ізденісіне, зерттеу міндеттерін шешуге және өзін-өзі дамытуға қабілетті болашақ педагогтың тұлғасын қалыптастырудағы қажеттілігі арасында;

– студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен мен осы процесті оқу-әдістемелік және техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіз дәрежеде әзірленуі арасында.

Зерттеу мәселесі. Анықталған қарама-қайшылықтар мен проблемалар «Психологиялық-педагогикалық дайындық үрдесінде студенттердің ғылыми құзыреттілігін қалыптастыру» диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауды анықтады.

Зерттеудің мақсаты – психологиялық-педагогикалық дайындық үрдесінде студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру моделінің тиімділігін теориялық негіздеу және тексеру.

Зерттеу нысаны – студенттерді психологиялық-педагогикалық даярлау үрдесі.

Зерттеу пәні – студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру.

Зерттеу гипотезасы. Егер студенттерді психологиялық-педагогикалық даярлау үрдесінде зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асырылса, онда кәсіби қызметке дайындық тиімдірек болады, өйткені зерттеу құзыреттілігі болашақ педагогтың үздіксіз кәсіби дамуына арналған ресурс болып табылады.

Мақсатқа, нысанға, пәнге және гипотезаға сәйкес **зерттеу міндеттері** анықталды:

1. Құзыреттілік тәсіл шеңберінде жоғары кәсіптік білім беруді дамыту бағдарламаларындағы зерттеулер бойынша бастапқы теориялық негіздерді анықтау.

2. Білім беру стандарттары контекстінде педагогикалық мамандық студентінің зерттеу қызметінің мазмұнын, құрылымын талдау.

3. Зерттеу құзыреттілігі аспектісінде студенттердің психологиялық-педагогикалық дайындығының әлеуетін анықтау.

4. Болашақ педагогтың зерттеу құзыреттілігінің көп компонентті моделін құру және оның компоненттерін сипаттау.

5. Білім беру үрдісінде студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру аймағын педагогикалық жағдайлар кешені ретінде белгілеу.

6. Оқыту және зерттеу үрдісінде студенттердің ғылыми құзыреттілігін қалыптастыру моделін жобалау және оның компоненттерін сипаттау.

7. Оқыту және зерттеу үрдісінде студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру моделін енгізу және студенттердің зерттеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау.

Теориялық негізін құрастырушылар:

– білім беру мен оқытудағы құзыреттілік тәсілдің теориялық жағын (Л.Е. Агеева, О.В. Акулова, В.И. Байденко, А.Ш. Байтукаева, Е.А. Башаркина, А.Г. Бермус, А.А. Губайдуллин, О.Л. Жук, И.А. Зимняя, Л.А. Казарина, Б.А. Курбанбекова, О.Е. Лебедев, Т.А. Левченко, С.Н. Лукашенко, Н.В. Мирза, Д.И. Мухатаева, А.К. Мынбаева, Л.А. Никитина, А.Х. Сарыбаева, А.Д. Сыздықбаева, Н.Н. Хан, А.В. Хуторской, М.А. Чошанов, К.С. Кіумет, J. Kohler, D.P. Montgomery, J.C. Raven, S. Taber және т.б.);

– педагогикалық ғылымның методологиялық негіздемелері келесідей ғалымдардың еңбектеріне арқау болды (Е.И. Бурдина, К.К. Жампеисова, Е. Жуматаева, В.В. Краевский, Ш.Ж. Колумбаева, Ч. Куписевич, А.К. Кусаинов, Э.И. Моносзон, В. Оконь, А.И. Пискунов, В.А. Сластёнин, Ш.Т. Таубаева, Н.М. Ушакова және т.б.);

– оқыту процесінің тұтастығы туралы теория (Ю.К. Бабанский, К.К. Жампеисова, Ш.Ж. Колумбаева, И.П. Подласый, В.А. Сластёнин, Н.Н. Хан, Н.Д. Хмель и др.).

Зерттеу әдістері мен тәсілдері. Зерттеу пәні мен логикасына, зерттелетін құбылыстың мәніне сәйкес жұмыста әдістеме мен әдістердің алты тобы қолданылады:

1) контент талдау;

2) тарихи-педагогикалық әдістер;

3) педагогикалық эксперимент (іздігіру, айқындаушы, қалыптастырушы, қорытынды);

4) эмпирикалық әдістер: нормативтік-құқықтық және оқу-әдістемелік құжаттарды зерделеу, ЖОО-дағы оқу процесін бақылау; оқытушылармен және студенттермен әңгімелесу; анкеталар; сауалнамалар.

5) математикалық статистика әдістері (ранжирлеу, Манн-Уитни U-критерийі параметрлік емес өлшем, статистикалық деректерді сапалық-сандық талдау, SPSS Statistics 23.0 бағдарламасы бойынша білім алушыларды бағалаудың статистикалық әдістері, Кронбах Альфа коэффициенті, графиктер);

6) оқу-әдістемелік құжаттаманы жобалау.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– отандық және шетелдік білім беру стандарттары контекстіндегі студенттің зерттеу қызметінің мазмұны, құрылымы талданды;

– зерттеу құзыреттілігі аспектісінде студенттердің психологиялық-педагогикалық дайындығының әлеуеті анықталды;

– болашақ педагогтың зерттеу құзыреттілігінің көп компонентті моделі құрылды және оның компоненттері сипатталды;

– педагогикалық жағдайлар кешені ретінде білім беру үрдесінде зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру аймағы белгіленді;

– оқыту және зерттеу үрдесінде студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру моделі жобаланды және оның компоненттері сипатталды;

– оқыту және зерттеу үрдесінде студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру моделі енгізілді және студенттердің зерттеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері айқындалды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы мынада:

– «зерттеу құзыреті» және «зерттеу құзыреттілігі», «психологиялық-педагогикалық дайындық», «білім беру бағдарламасы» ұғымдары нақтыланды;

– «оқыту процесі», «зерттеу процесі» ұғымдары қарастырылды;

– психологиялық-педагогикалық дайындық жүйесінде зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін әлеует орнатылған;

– оқыту және зерттеу процесінде студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру моделі құрастырылды, ол төрт блоктан тұрады: мақсатты, мазмұнды, процессуалды, нәтижелі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

– Павлодар педагогикалық университетінің Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 6B01730 «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін жобалаудың құзыреттілік тәсілі негізінде құрылған білім беру бағдарламасы жобаланды және оқу процесіне енгізілді;

– оқу процесіне «Мұғалім мен оқушылардың зерттеу қызметінің негіздері» элективті курсы құрылды және енгізілді;

– «Іскерлік тілі» пәні үшін “Business Project” блогы енгізілді;

– білім алушылар үшін өндірістік педагогикалық практикадан өту бойынша әдістемелік нұсқаулар енгізілді;

– Павлодар педагогикалық университеті мен Торайғыров университетінің «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының студенттеріне арналған Eduardo Studio халықаралық платформасында әзірленген “Action Research” жаппай ашық онлайн-курсы оқу процесіне әзірленіп, енгізілді;

– ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, “Research Activities Using Media and Smart Resources” оқу құралы құрастырылды және Павлодар педагогикалық университетінің оқу процесіне енгізілді.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы мен енгізілуі

Зерттеу нәтижелері үш халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға ұсынылды (Гомель – 2019, Набережные Челны – 2019, Павлодар – 2021). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету бойынша Комитет ұсынған журналдарда – 6 («Торайғыров университеті Хабаршысы»: «Педагогикалық серия» (2019, 2020); «Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы»: «Педагогика. Психология. Әлеуметтану» сериясы

(2019); «Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы»: «Педагогика және психология» сериясы (2020); «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Хабаршысы»: «Педагогика-Психология» сериясы (2020); «А.А. Кулешов атындағы ММУ Хабаршысы»: «Психологиялық-педагогикалық серия» (2019); «Scopus» мәліметтер базасындағы журналда – 1 мақала «TEM Journal» (2020).

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үрдесі – бұл жеке тұлғаның құрылымын өзгерту бойынша дәйекті іс-қимылдар жиынтығы, нәтижесінде жеке тұлғаның жаңа қыры – зерттеу құзыреттілігі пайда болады.

2. Жүйелілік, оқытудың мазмұнды және процесуалды жақтарының бірлігі, вариативтілік, проблемалылық, оқыту нәтижелерін меңгерудегі беріктік, рефлексивтілік принциптеріне сәйкес құрылған оқыту мен зерттеу процесінде студенттің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру моделі, ол төрт блоктан тұрады: мақсатты, мазмұнды, процесуалды, нәтижелі.

3. Зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру процесі, біріншіден, білім беру бағдарламасына «зерттеу құзыреттілігі» білім беру модулін қосумен, екіншіден, білім беру бағдарламасына элективті пәндерді және “Action Research” жаппай ашық онлайн-курсын енгізумен, үшіншіден, педагогикалық практика кезеңінде ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырумен, төртіншіден, дипломдық жұмыстарды жазумен және қорғаумен, бесіншіден, сабақтан тыс уақытта зерттеу жұмысын ұйымдастырумен байланысты педагогикалық жағдайлар кешенін қамтиды.

4. Студенттердің зерттеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау мотивациялық, когнитивтік, әрекеттік және рефлексивті компоненттер негізінде жүзеге асырылады.

Диссертация құрылымы: Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен, қосымшалардан тұрады.